

ISSN: 1814 - 6961
E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 4 (96)

4 /2021

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендиорович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор

Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор

Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor
Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor, Director of the State Museum Republic of Kazakstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Göttingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraine)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Mukhtar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж кәуәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И-РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА**

**Мақсұтова Альбина Әбенқызы^{1*}, Кумеков Болат Ешмухамбетұлы²,
Апашева Сабира³**

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

³Сырдария университеті, Жетісай, Қазақстан

*Автор корреспондент

E-mail: albina_kzt83@mail.ru (Мақсұтова), bkumek@mail.ru (Кумеков), sabira66_66@mail.ru (Апашева)

Түйіндеме. Бұл мақалада М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» шығармасы XVI ғасырдың мұсылман елдерінің тарихи әдебиетіндегі көрнекті жазба ескерткіштерінің бірі ретінде ағылшын тіліне аудармасы шықпай тұрып-ақ орыс шығыстанушыларының назарына іліккен. Олар үшін «Тарих-и-Рашиди» аса құнды дерек болды. Өйткені орыс ориенталистеріне Шығыс Түркістан туралы мағұлматтар табу қиынға түскен. Сол өлке жайлы деректерді олар қытай әдебиетінен немесе Мауараннаһр, болмаса Парсы тарихшылары жазбаларынан іздеуге мәжбүр еді.

«Тарих-и-Рашидиді» зерттеуді Ресей тарихшыларынан В.В. Вельяминов-Зернов бастады. Оның әйгілі «Қасым хандары мен ханзадалары жайлы зерттеу» атты шығармасын жазуға «Тарих-и-Рашидидің» көп көмегі тиді. Оның аталмыш еңбегінің екінші бөлімінде Мырза Хайдар еңбегінің түпнұсқасы мен аудармасынан көлемді көшірмелер келтірілген. В.В. Вельяминов-Зернов еңбегі қазіргі кезге дейін құндылығын жоғалтқан жоқ. Өйткені Қазақстанда зерттеуші ғалымның ешқайсысы да В.В. Вельяминов-Зернов шығармасына соқпай кете алмайды. В.В. Вельяминов-Зернов 1864 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Қасым хандары мен ханзадалары жайлы зерттеу» атты кітабының екінші томының Ораз-Мұхамедке арнаған он екінші тарауында XV ғасырда өмір сүрген Жәнібек пен Әдік хандар тарихын жазғанда Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиі» туралы: «Жәнібек пен Әдік Хан туралы тапқан деректердің ең нақтысы: «Тарих-и Рашиди». Оны Мұхаммед Хайдар гурган 948 (1541-42) және 953(1546-47) жылдар аралығында парсы тілінде жазған.

Кілт сөздер: Дулати, тарих, моғолдар, хандар, Қазақ хандығы, ұлыстар, шежіре, тарихнама.

МРНТИ 03.20

**М.Х. ДУЛАТИ И ЕГО ТРУД «ТАРИХ-И- РАШИДИ» В ИСТОРИОГРАФИИ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА**

Мақсұтова Альбина Абеновна^{1*}, Кумеков Болат Ешмухамбетович², Апашева Сабира³

¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан.

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева г. Нур-Султан, Казахстан.

³Университет Сырдария, г. Жетісай, Казахстан

*Автор корреспондент

E-mail: albina_kzt83@mail.ru (Мақсұтова), bkumek@mail.ru (Кумеков) , sabira66_66@mail.ru (Апашева)

Аннотация. В данной статье труд М.Х. Дулати «Тарих-и-Рашиди» как один из выдающихся письменных памятников в исторической литературе мусульманских стран XVI века до перевода на английский язык привлекал внимание русских востоковедов. Для них «Тарих-и-Рашиди» был очень ценным источником. Потому что русским востоковедам было сложно найти информацию о Восточном Туркестане. Им приходилось искать информацию о регионе в китайской литературе или в трудах персидских историков, если не Мавараннахра.

«Тарих-и-Рашиди» первым начал исследовать российский историк В.В. Вельяминов-Зернов. «Тарих-и-Рашиди» сыграл важную роль в написании его знаменитого произведения «Исследование касымских ханов и князей». Вторая часть его работы содержит объемные копии оригинала и перевода работы г-на Хайдара. Труд В.В. Вельяминова-Зернова до настоящего времени не утратил

своей ценности. Ведь никто из ученых-исследователей в Казахстане не может обойти произведения В.В. Вельяминова-Зернова. В двенадцатой главе второго тома книги «Очерки касымских ханов и князей», изданной в Санкт-Петербурге в 1864 году, Вельяминов-Зернов писал об истории Жанибекских и Адикских ханов в XV веке. Наиболее точные сведения об истории Адик-хан – это «Тарих-и-Рашиди». Он был написан на персидском языке Мухаммедом Хайдаром Гурганом между 948 (1541–42) и 953 годами (1546–47).

Ключевые слова: Дулати, история, могилы, ханы, Казахское ханство, улусы, шежире, историография.

IRSTI 03.20

M.Kh. DULATI AND HIS WORK “TARIKH-I-RASHIDI” IN THE HISTORIOGRAPHY OF CENTRAL ASIA AND KAZAKHSTAN

Maxutova Albina Abenovna^{1*}, Kumekov Bolat Eshmuhambetovich²,
Aпасheva Sabira³

¹Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Taraz, Kazakhstan.

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

³Syrdarya University, Zhetisai, Kazakhstan.

*Corresponding-author

E-mail: albina_kzt83@mail.ru (Maxutova), bkumek@mail.ru (Kumekov) sabira66_66@mail.ru (Aпасheva)

Abstract. The present article describes how the work of M.Kh. Dulati "Tarih-i-Rashidi" as one of the outstanding written monuments in the historical literature of the Muslim countries of the XVI century, before its translation into English, attracted the attention of Russian orientalists. For them, "Tarih-i-Rashidi" was a very valuable source. Because it was difficult for Russian orientalists to find information about East Turkestan. They had to look for information about the region in Chinese literature or in the writings of Persian and Mawarannahr historians.

The study of "Tarih-i-Rashidi" was conducted by Russian historians V.V. Velyaminov-Zernov started. Tarih-i Rashidi was instrumental in writing his famous work "The study of the Kasym Khans and Tsarevich". The second part of his work contains voluminous copies of the original and translation of the work of M.Kh. Dulati. The work of Velyaminov-Zernov has not lost its value to this day. After all, none of the research scientists in Kazakhstan is V.V. Velyaminov-Zernov's work is inevitable. In the twelfth chapter of the second volume of the book "The study of the Kasym Khans and Tsarevich", published in St. Petersburg in 1864, Velyaminov-Zernov wrote about the history of Zhanibek and Adik khans in the XV century. The most accurate information about Adik Khan is given in "Tarih-i-Rashidi". It was written in Persian by Muhammad Haidar Gurgan between 948 (1541-42) and 953 (1546-47).

Key words: Dulati, history, moguls, khans, Kazakh khanate, uluses, shezhire, historiography.

Кіріспе. Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиі» XVI ғасырдың мұсылман елдерінің тарихи әдебиетіндегі көрнекті жазба ескерткіштерінің бірі ретінде ағылшын тіліне аудармасы шықпай тұрып-ақ орыс шығыстанушыларының назарына іліккен. Олар үшін «Тарих-и-Рашидиі» аса құнды дерек болды. Өйткені орыс ориенталистеріне Шығыс Түркістан туралы мағұлматтар табу қиынға түскен. Сол өлке жайлы деректерді олар қытай әдебиетінен немесе Мауараннаһр болмаса Парсы тарихшылары жазбаларынан іздеуге мәжбүр еді.

«Тарих-и-Рашидиі» зерттеуді Ресей тарихшыларынан В.В. Вельяминов-Зернов бастады. Оның әйгілі «Қасым хандары мен ханзадалары жайлы зерттеу» атты шығармасын жазуға «Тарих-и Рашидидің» көп көмегі тиді. Оның аталмыш еңбегінің екінші бөлімінде Мырза Хайдар еңбегінің түпнұсқасы мен аудармасынан көлемді көшірмелер келтірілген. В.В. Вельяминов-Зернов еңбегі қазіргі кезге дейін құндылығын жоғалтқан жоқ. Өйткені Қазақстанда зерттеуші ғалымның ешқайсысы да В.В. Вельяминов-Зернов шығармасына соқпай кете алмайды. В.В. Вельяминов-Зернов 1864 жылы Санкт Петербургте шыққан «Қасым хандары мен ханзадалары жайлы зерттеу» атты кітабының екінші томының Ораз-Мұхамедке арнаған он екінші тарауында XV ғасырда өмір сүрген Жәнібек пен Әдік хандар тарихын жазғанда Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиі» туралы: «Жәнібек пен Әдік Хан туралы тапқан деректердің ең нақтысы: «Тарих-и-Рашиди». Оны Мұхаммед Хайдар-гурган 948 (1541-42) және 953 (1546-47) жылдар аралығында парсы тілінде жазған. Екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Тоғлық Темірден бастап шағатайлықтар жерінің тарихын қамтитын очерктен құралған. Ол Тоғлық Темір ұрпағының бірі, Жүніс ханның немересі, әйгілі Әбілхайыр

ханның немересі, бұхаралық Шайбанилер әулетінің негізін қалаған Шайбани ханмен соғысқан Сұлтан Ахмет ханның (Алаша хан) баласы Саид хан (939 жылдың зұльхиджа айында қайтыс болған, маусымның 1533 жылы) өліміне дейінгі уақытты қамтиды. Осы бөлімнің соңында Сұлтан Саид ханның баласы және мұрагері, Қашғар және Жаркенттің иесі Әбдірашид хан жайлы кейбір мәліметтер табуға болады, былайша айтқанда бұл еңбек соған арналып «Тарих-и-Рашиди» деп аталған. Екінші бөлімі «Тарих-и-Рашиди» авторының өмірбаянының және оның кезінде болған, ол қатысқан немесе куәсі болған оқиғаларды қамтиды. «Тарих-и-Рашиди», әсіресе оның екінші бөлімі өте керемет. Бұл шағатайлықтардың кейінгі тарихын баяндайтын жалғыз декрек. Мұхаммед Хайдар жазғанның барлығы дерлік жоғары тұрғыдан жаңа және қызықты. Оның әңгімесі барлық жерде адал және анық. Оның қоғамдағы орны бұл оқиғаларды білуге және шын мәнінде қағазға түсіруге қолайлы болған. Одан әрі ғалым «Тарих-и-Рашидиден» әйгілі Әмір Темірмен соғысқан Қамараддин және оның ағалары жайлы белгілі дүние туралы қысқаша Мырза Хайдардың кезеңіне дейін баяндайды.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақаладағы негізгі зерттеу материалы – бірнеше рет әлемнің түрлі тілдеріне аударылған Мұхаммед Мырза Хайдар Дулатидің еңбегі. Зерттеудің негізгі әдісі – тақырыпқа қатысты тарихи оқиғалардың кейбір мәселелерін қозғайтын эпизодтарға қатысты дереккөзге ішкі сын пікірлер. Мақалада біз осы дереккөзден үзінділер беріп, оларға ғылыми түсініктер беріп көрсетеміз. Бұл ақпарат әртүрлі тарихшылардың кейбір тезистерін қалай растайтынын немесе жоққа шығаратындығын көрсетеміз.

Мақалада ортағасырлық көрнекті тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы кең көлемдегі деректік материалдарға негізделді. Сондай-ақ жаңа әдіснамалық ұстаным басшылыққа алына көрсетілді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегіне Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы жаңа тұжырымдамалық ұстанымдар тұрғысынан тарихнамалық талдау жасалды. Тарихнамалық талдаудың Тәуелсіз Қазақстандағы методологиялық негізін қалыптастыру аясында ғылыми айналымға енді қосылған жаңа аудармалық немесе зерттеу еңбектері арқылы-Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиді» жазудағы негізгі және қосалқы дерек көздері анықталып, олар салыстырмалы әдіс арқылы талданады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің ортақ құндылық ретіндегі Орталық Азия, Үндістан, Ресей және Қазақстан мемлекеттерінің деректануы мен тарихнамасына жасаған ықпалы анықталып, оның Моғолстан мен Қашғарға қатысты деректерінің маңызы мен тарихына баға беріледі. Зерттеу әдістерінің негізін мәтіндік-салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау құрайды. Соның ішінде, зерттеудің тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі, тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтілік деңгейі, тарихи деректерді сыныптау, деректердің ғылыми құндылығын анықтау қағидаттары және тәсілдері негізге алынды.

Талқылау. «Тарих-и-Рашиди» – Орта Азия мен Моғолстанда XIV ғасырдан XVI ғасырға дейін болған осындай тарихи оқиғаларға толы құнды еңбек. Мырза Хайдар «Тарих-и-Рашидиде» басынан кешкен оқиғалар және түрлі адамдардан естіген әңгімелеріне ғана жүгінбей, көптеген көрнекті тарихшы-ғалымдар, жағрафия ілімінің даналары, сопылардың трактаттарына дейін назар аударып, оларды молынан пайдаланған. Дарынды тарихшы шығармасында өзіне дейін өмір сүрген және замандас қаламгерлердің де сан алуан кітаптары мен қолжазбаларын ой елегінен өткізіп керек жерде дәйектемелер келтіріп отырған.

«Тарих-и-Рашидиге» генерал А.Н. Куропаткиннің Санкт-Петербургте «Қашғар елдің әскери күші, өндірісі, саудасы және тарихи-географиялық очеркі» атты еңбегі жарық көрді (Байбатша, Жамалбеков, Темірбеков, 1999:216-227).

Автордың мақсаты Қашғар өлкесіне сипаттама беру. Кітаптың бірінші тарауы өлкенің географиясы, яғни таулары, өзен-сулары, далалары, топырағы және жер қыртысына арналған. Сонымен қатар ол өлкенің табиғи байлығы, жолдары халқының саны, салты, діні туралы да сөз еткен.

Екінші бөлімінде Қашқардың әкімшілікке бөлінуі, соның ішінде әкімдері, салықтары жайын сипаттайды. Үшінші бөліміне Қашқардың Яқұбек кезіндегі сауда-саттық ісі, төртіншісінде өлкенің тарихы, біздің заманымызға дейін, Қашқарды қытайлардың, одан соң арабтардың жаулап алуы. Монғол шапқыншылығы, Шыңғысхан, Әмір Темір, Сұлтан Саид және содан кейін орын алған тарихи оқиғаларды баяндайды. Міне, осы бөлімін ол Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиінің» көмегімен жазған.

А.Н. Куропаткиннің: «Беллью бойынша Саид хан патшалық құрған кезде Мырза Магомед-Гудар (Мұхаммед Хайдар) Қашқардың Монғол хандары жайлы «Тарих-и-Рашиди» атты тарихын жазған». А.Н. Куропаткинге Мырза Хайдар еңбегінен қандай мәліметтер қызықты болды мәселесіне келсек, ол: «XV-XVI ғасырларда Қашғар өлкесін билеген Шыңғыс ұрпақтары ішіндегі ең көзге түсері Саид хан еді. Ол өз күшімен Солтүстік Тянь-Шаньды мекендеген көшпелі халықтарды бағындырып қана қоймай, сонымен қатар Кашмир және Бадахшан жақтағы оңтүстік және батыс шекараларын қауіптенсіздіруде қол жеткізді; онымен қоймай 1531-1533 жылдары ол 5000 адаммен Тибетті жаулап алуға аттанды. Бірақ хан қыс түскеннен кейін әскер үшін азық-түлік тапшылығынан бұл жорықты

тоқтатуға мәжбүр болды. Ол өзінің ұлы Искандермен 4000 адамды қыс уақытына Кашмирге жіберіп, ал өзі қалған 1000 әскермен Балтида қалып қойды. Жазда күшін біріктірген Саид хан Лассаға аттанып, оны жаулап алды. Астанасына қайтар жолда Қаракорым шатқалына жақын жерде ауыр тау ауасын көтере алмай қайтыс болды. Бұл жорық ғазуат деп аталады, яғни ол дінсіздерге қарсы күрес деген сөз. Артынан бұл соғыс сол дәуірде Қашғарда пайда болған қожалар немесе екі діни секта басшылары басқарған соғыстарға бастама болды» деп жазған (Дәдебаев, 1999:135-145).

А.Н. Куропаткиннің мәліметтері өте қысқа және дәлдігімен ерекшеленбейді. Ласса дегені Лхасса болса, Саид хан оны жаулап алған жоқ. Куропаткин Мырза Хайдар еңбегін білгенімен оның атын атамайды.

«Тарих-и-Рашиди» еңбегін зерттеуге үлес қосқандардың тағы бірі Карл Залеман. Ол «Тарих-и-Рашиди» негізінде Гераттан шыққан аса көрнекті өнер қайраткерлері туралы еңбек құрастырған (Жарықбаев, Әлсатов, 1999:166-169).

Залеман Санкт-Петербурдағы Азия мұражайының директоры болып жүргенде «Тарих-и-Рашиди» қолжазбасына көзі түскен. Ғалым оның түрік тіліндегі көшірмесін каталогқа кіргізген. Сонымен қатар Залеман Мұхаммад Садық Қашғаридің «Тарих-и-Рашидидің» ұйғыр тіліне жасаған аудармасы туралы: «эксперттер көрсеткендей, бұл аударма түсініксіз, қолда парсы түпнұсқасын ұстап отырмаған оқырманға еңбектің көптеген жерлерін түсіну қиынға соғады. Өйтсе де оқырман бұл тәржіманы сын көзбен қарау үшін көмек ретінде пайдалануға болады. Тілдік тұрғыдан қарағанда мен түрколог ғалымдар назарын мынаған аударғым келеді: зат есім, айкандук, көпше түрі айкандуклар. Бұл сөздерді мен еш жерден кездестірген емеспін», – деп жазды.

Тарихшы, деректанушы, парсы қолжазбаларының маманы Н.Д. Миклухо-Маклай (1915-1975) негізінен Ауғаныстан тарихымен айналысты. Ол ауған, парсы тіліндегі қолжазбаларды зерттей отырып XVIII ғасырдағы Иран-Ауған қарым-қатынасын Герат тарихымен байланыстыра қарады (Жолдасбайұлы, 1999:119-131).

Н.Д. Микуло-Маклай «Тарих-и-Рашидиді» парсы және тәжік қолжазбаларын сипаттағанда қарастырған. «Тарих-и-Рашидиге» жалпы сипаттама берумен қатар ол шығарма авторы кім, ол қайдан шыққан, еңбек қай кезде жазылған секілді сұрақтарға жауап іздеді: «Тарих-и-Рашиди» бір-біріне тәуелсіз екі бөлімнен құралған. Екінші бөлімі бірінші бөлімнен ертерек жазылған. Екінші бөлімі 948/1541-1542 жылдардан кешікпей жазыла бастап, 950 жылдың мухаррам (1543 сәуір-мамыр) айларынан бұрын жазылған. Ал бірінші бөлімі 951/1544-1545 жылдардан кешікпей жазыла бастап 952-953 жылдардың зулхиджа айларында (1546 жылдың наурызында) аяқталған», – деп жазған (Кәрібаев, 1999:155-169).

Ресей және кеңес шығыстанушы тарихшыларынан Мырза Хайдар еңбегін жоғары бағалаған академик В.В. Бартольд еді. В.В. Бартольд «Шығармаларының» XVIII томында Мырза Хайдарға мақала арнаған. Оның атын ол «Хайдер-Мырза» деп қойған. Ол «Тарих-и-Рашидидегі» Мырза Хайдар мемуарының тарихын қысқаша баяндаған: «Тарих-и-Рашидидің» авторы, парсы тарихшысы Хайдер-мырза 905/1499-1500 жылдары дүниеге келіп 958/1551 жылы қайтыс болған». В.В. Бартольдтың Мырза Хайдар парсы текті деп жазғанмен келісе алмаймыз.

В.В.Бартольд «Тарих-и-Рашидидің» Д. Росс пен Н. Элиас жасаған аудармасына пікір жазып, тәржімаға жақсы баға берген. Аудармада кемшіліктер болғанына қарамай еңбектің ағылшын тіліне аударылғанын қуана қарсы алған. Оның өзі де «Тарих-и-Рашидиді» ішінара аударып, еңбектерінде пайдаланып жүрген. Орыс шығыстанушысы Мырза Хайдар еңбегін Орта Азияның саяси тарихы, этникалық топтарымен қалалары мәдениеті тарихын зерттеуге арналған көптеген ғылыми еңбектерінде дерек ретінде пайдаланған.

В.В. Бартольд Д. Росстың «Тарих-и-Рашидиге» жасаған аудармасын мұхият қараған. Ғалым Н. Элиастың аудармаға жазған алты бөлімнен тұратын «Кіріспесін» В.В. Бартольд Н. Элиас «Кіріспенің» бірінші тарауында Мырза Хайдардың өмірі жайлы мәліметтерді толық бермей, көптеген құнды декреттерді тастап кеткеніне наразы болады. Соның ішінде Бабырдың «Бабырнамада» Мырза Хайдарға берген мінездеме мен өлеңін «Кіріспеге» енгізбегені оны таңқалдырған. Сонымен қатар В.В. Бартольд Н. Элиастың моғолдар тарихы жайлы баяндағанда «Тарих-и-Рашидиде» айтылған нақтыфактілерді пайдаланбай, кейбір деректерге үстірт қарағанын түсінбеген. Соның ішінде Н. Элиас Моғолстанның шығыс бөлігінің тарихы жайлы жазғанда және Чалыш пен Тұрфан қалаларына жасаған сипаттамасында түсініксіздікке жол бергенін және шатасып кеткеніне көңіл аударған. В.В.Бартольд Н. Элиастың «Кіріспесі» мен Д. Росс аудармасына жасаған ескертпелерінің ғылыми тұрғыдан қарағанда маңызы төмен екендігін және Н. Элиастың бұл еңбекке терең ер сала зерттегеніне күмән келтірген В.В. Бартольд ағылшын ғалымдары жасаған «Тарих-и-Рашиди» аудармасында жазған пікірінде: «Әрине, жоғарыда келтірілген барлық ескертпелер Д. Росс мырзаның еңбегін еш кеміте алмайды, өйткені тек осы кісінің арқасында ғана еуропалық қауым бұл шығармамен танысуға мүмкіндік алды. Орта Азия әдебиетінің ең қызықты ескерткішінің аудармасы қанағаттанарлық. Ал енді Н. Элиас мырзаның «Кіріспесіне» тоқталар болсақ, бұл кітап «Кіріспесіз» шықса да құндылығын жоғалтпас еді», – деген. Сондай-ақ ол: «XVI

ғасырдың екінші жартысында Мырза Шах Махмуд Шорас «Тарих-и-Рашидиді» пайдаланып парсы тілінде Қашғар тарихын XV ғасырдың екінші жартысынан автордың өмір сүрген уақытына дейін жазған; бірақ Хайдар мырза шығармасына қарағанда Шах Махмудтың еңбегі өте нашар, жиі дұрыс емес тілмен жазылған» деген баға берген. Әйтсе де ол «Тарих-и-Рашидиді» Бабырдың «Бабырнамаcымен» салыстыра отырып: «Бөлесі Бабыр секілді, Мырза Хайдар Орта Азияда монғолдар орнатқан мемлекеттің соңғы өкілдерінің жаңа жаулап алушыларға, яғни қалмақтар мен өзбектерге қарсы күрес жүргізіп жатқан кездегі дәуірдің оқиғаларына тек куә ғана болып қоймай, оларға тікелей қатысқан. Бабыр сияқты Мырза Хайдар оқиаларды тек құрғақ тілмен ғана баяндамай, қатысушы әр кейіпкер мінезіне тоқталып, географиялық және этнографиялық сипаттағы көптеген құнды дерек бере білген. Әйтсе де бұл жағынан оның еңбегі Бабырдың «Бабырнамаcымен» салыстыруға келмейді. «Бабырнаманың» Н. Элиастың әділ пікірі бойынша, мұсылман әдебиетіндегі орны екекше, өйткені бұл еңбек сол заман әдет-ғұрыптарының толық суреті болып табылады. Мұхаммед Хайдардың еңбегі Бабырдың түпнұсқалық жоспары мен стиліне жетпейді және де «Тарих-и-Рашиди» парсы тарихи шығармалардың үлгісімен жазылған, олардан тек тәуелсіз пікірі және буынның қарапайымдылығымен ерекшеленеді» деп жазады (Козыбаев, Пищулина. 1999: 3-16).

В.В. Бартольд «Шығармаларының» «Моғолстан» атты бөлімінің II томының бірінші тарауында «Тарих-и-Рашидиден» алынған құнды деректерді пайдаланған. Соның ішінде дулаттан шыққан әмір Болатшы жайлы деректер. Оның құндылығы Тоғылық Темірге байланысты. Әмір Болатшы оны таққа отырғызған. Негізінде В.В. Бартольд «Моғолстанда» 1348 жылдардан бастап 1558 жылдармен аяқталатын Моғолстан жеріндегі тарихи және саяси оқиғалар жайлы жазған. В.В. Бартольд бұл бөлімінде «Тарих-и-Рашидиден» басқа «Бабырнаманы», Шараф ад-Дин Әли Йазидің «Зафарнамесін», Абд ар-Раззактың еңбегін, Генри Ховарттың «Моғолдар тарихын», «Нусратнамәні», В.В. Вельяминов-Зерновтың «Қасым хандары жайлы зерттеуін» пайдаланған. В.В. Бартольдтың шығыстану ғылымын, соның ішінде «Тарих-и-Рашидиді» зерттеуге қосқан үлесі өте зор. Орта Азияны зерттейтін ғалымдардың ешқайсысы да В.В. Бартольдтың еңбектеріне соқпай кете алмайды.

Қырғызстандық шығыстанушы, тарихшы Н.Н. Туманович (1928-2003) «Мырза Мұхаммед Хайдардың» «Тарих-и-Рашидиді» Қырғызстан мен қырғыздар тарихы бойынша дерекөзі» деген мақаласын 1973 жылы «Түркі халықтар жайлы араб-парсы деректері» атты кітапта жарияланған Н.Н. Туманович қырғыздар тарихын зерттеген. Бұл ретте ол Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиді» пайдаланған. Өйткені онда қырғыздар жайлы қызықты деректер мол-ды. Әйтсе де ол «Тарих-и-Рашидиді» толық зерттеу мақсатын қойған жоқ, тек еңбектегі қырғыз тайпалары туралы деректерді зертеуді мұрат еткен.

Н.Н. Туманович XV-XVI ғасырлардағы қырғыздардың тарихын толық көрсету үшін «Тарих-и-Рашидиді» түпнұсқасымен жұмыс істеумен қатар В.В. Бартольдтың қырғыздар тарихына арнаған зерттеулерін, Хафизидің Абрудың «Зубд ат-тауарихын», Б.Я. Владимирцовтың «Моғолдардың қоғамдық құрлысын» және Петрушевскийдің XV-XIV ғасырлардағы Ирандағы егін шаруашылығы және аграрлық қатынастарын» пайдаланған. Өз еңбегіне Н.Н. Туманович ең басты дерек ретінде Д. Росстың «Тарих-и-Рашидиді» аудармасын пайдаланған. Бірақ В.В. Бартольд секілді ол да Д. Росс тәржімасына қанағаттанбаған.

Н.Н. Туманович басқа да шығыстанушы ғалымдар секілді «Тарих-и-Рашидиді»: «Бұл шығарма түркі халықтарының тарихын зерттеуде аса бағалы дерек. Басқа деректер қатарында оның ерекше орын алатынының себебі мынада. Біріншіден, Мұхаммед Хайдардың еңбегі – тек Моғолстан тарихына бағышталған бүгінгі күн бізге мәлім шығармалардың жалғызы ғана. Моғолстан XV-XVI ғасырларда Шығыс Түркістан аймағына кірген. Екіншіден, «Тарих-и-Рашидиде» қырғыздар жайлы және олардың қоныс тепкен жерлері туралы басқалар бұрынырақ айтпаған деректер келтіреді. Үшіншіден көлемі және деректерінің ауқымдылығымен ортағасырлық шығармалардың ешқайсы да «Тарих-и-Рашидиден» теңесе алмайды», – деп жоғары бағалаған (Қасабек, 1999: 131-135).

Н.Н. Туманович Мырза Хайдардың әкесінің Бабырға опасыздық жасады деген дерекке күмән келтірмейді. Сонымен қатар Мырза Хайдардың Әбдірашид сұлтанмен басында жақсы қарым-қатынаста болғанын, артынша бірақ жас ханның таққа отыра сала дулаттарды қуғынға ұшыратты дегеніне күмән келтіреді.

Мырза Хайдар туралы ол: «Мұхаммед Хайдар беделді және бай адамдар қатарына жататын, ол өзін әрдайым жоғары санайтын. Ал бұл Мұхаммед Хайдардың қоғамдық баспалдақта өзінен төмен деңгейдегі адамдарға жек көрушілігінен байқалады. Дәл осындай төкаппарлық және жергілікті халыққа деген қатыгездік оның өз өліміне алып келді», – деп жазады (Омарбеков, 1999: 13-15).

Н.Н. Туманович сондай-ақ Мырза Хайдардың Тарих-и-Рашидидің «бірінші дәптеріндегі» деректердің бірқатарына күмән келтіреді»

Н.Н. Туманович «XV-XVI ғасырлардағы Герат» атты кітабына Шахибек ханның Хорасан

Ауғанстанның таулы аймақтарында қалған дұшпандарын талқандағаны жайлы жаза отырып «Тарих-и-Рашидиге» сілтеме жасап, Мырза Хайдардың еңбегінде бұл оқиға туралы маңызды, жан-жақты мәлімет табуға болатынын атап өткен.

А.А. Семенов есімді орыс, кеңес тарихшысы Мырза Хайдар еңбегін «Әлішер Науаи мен сұлтан Хусейін мырзаның қарым-қатынастары» атты кітабында пайдаланған. Кітапқа «Тарих-и-Рашидиден» алынған: «Мырза Хайдардың айтуынша Әлішер ұйғыр бақшыларынан шыққан». Мырза Сұлтан Хусейін оны қатты сыйлап, қызмет көрсетті. Сөйтіп сол кезде, әр түрлі топ ішінен соншама ғалым, теңдесі жоқ озық адамдар көбнесе Әлішер еңбегі арқасында шыққан Мырза Хайдардың айтуынша Әлішер билігінде оған бағынышты қызметшілер мен нөкерлер, теңге соғатын сарай, атқора патшалық ғимараттар болған. М.П. Вяткин есімді кеңес тарихшысы 1941 жылы «Қазақ СССР тарихының очеркі» атты кітапта «Тарих-и-Рашидидің» қазақтар, өзбектер және қырғыздарға байланысты сөз ететін жерлерін орыс тіліне аударып, пайдаланған. М.П. Вяткин «Очеркінің» басым бөлігі мұрағат құжаттары мен басқа деректер негізінде құрастырылған. Автор «Тарих-и-Рашидиді» бұл еңбектің басты дерегі етіп көрсеткен: «Ең маңызды деректер: 1. Парсы тілінде жазылған Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашидиі». Еңбек XVI ғасырдың 40-жылдарында аяқталған» деді. (Омарбеков, 1999: 2-41).

Осылайша Вяткин деректер тізімін бере отырып, олар бойынша шағатайлықтар кезіндегі Жетісу, Моғолстан, Әмір Темір билігі, Өзбектер, Ноғай ордасы, Темір ұрпақтары кезіндегі Моғолстан тарихын құрастырған. Мұнда бірақ «Тарих-и-Рашидиі» белгілі жағдайларға орай негізгі рөлін атқарған жоқ. Тек кітаптың қазақтар туралы төртінші тарауына ғана «Тарих-и-Рашидиі» негізгі дерек көзі болған.

Ең бастысы М.П. Вяткинді қазақ хандығының құрылу кезеңі қызықтырған. Бірақ ғалым Мырза Хайдар баяндаған оқиғалар одан 80 жыл бұрын орын алғандықтан Мырза Хайдардың дәл мерзімін бере алмағанына көңіл аударған. Қазақ хандығының құрылуына себепші болған Керей мен Жәнібек хандар жайлы деректерді «Тарих-и-Рашидиден» келтіре отырып М.П. Вяткин Мырза Хайдарды қазақ хандығының құрылу уақытын дұрыс көрсеткен деп санады.

Қазақ халқының жекеленуінің әлеуметтік-экономикалық және саяси шарттарын сөз еткенде М.П. Вяткин «Тарих-и-Рашидиден» 1488-1494 жылдары моғолдардың Шаһибек ханнан жеңіліс тауып Түркістан қаласынан айырылғандары жайлы және осының нәтижесінде моғолдар арасында туған жайсыздық соғысқа алып келгені, ал соғыста екі рет қазақтар жеңгені жайлы деректерді пайдаланған. Сонымен қатар осы тарауында М.П. Вяткин Мырза Хайдардың Қасым хан билігі жайлы пікірін де келтірген.

XVI ғасырдың бас кезіндегі қазақтардың саяси тарихын жазғанда М.П. Вяткин «Тарих-и-Рашидиді» пайдаланып, Қасым ханның қайтыс болғаннан кейін қазақтардың саны 1 миллионға жеткенін жазған. Сөйтіп ғалым Мырза Хайдардың Қасым ханнан кейін таққа отырған Таһир ханның билігі туралы жазғанын келтірді. М.П. Вяткиннің «Тарих-и-Рашидиден» қазақ хандығының құрылу мәселесі бойынша алған соңғы декреттері Таһир хан мен оның інісі Бұйдаш хан және Бұйдаштың өлімінен кейін қазақтардың мүлде жойылып кеткені жайлы деректерін пайдаланып, талқылаған.

Орта Азия тарихын зерттеуші П.П. Ивановта (1893-1942) Орта Азияның көшпелі тайпалары және «қазақ» терминінің шығу тегін зерделегенде «Тарих-и-Рашидиге» жүгінген.

1958 жылы Мәскеуде жарық көрген «Орта Азия тарихының очеркі» кітабының «Өзбектер мен қазақтардың Орта Азия аумағында орналасуына дейін» атты бірінші тарауында П.П. Иванов: XV ғасырдың бірінші жартысында Мұхаммед Хайдар есімді тарихшы Есенбұға ханның Керей мен Жәнібекті құшақ жая қарсы алып, оларға Шу алқабындағы жайлауды бергендігін айтқан. Осыдан кейін Керей оған қатысты жерлердің бәріне хан атанды, ал бұл оның Моғолстан ханның вассалы болғанын көрсетеді. Оның айналасына біртінде Әбілқайырға наразы болған ақсүйектер және де ең басты әміршілер, ал олармен бірге оларға тәуелді рулар жинала бастады» дейді. Әрине бұндай жағдайлар елде ұрыс-керіс, толқуларға алып келеді. Ал бұл Әбілхайыр хан иеліктерінің ыдырауына әкеп соқты. П.П. Иванов осы оқиғаларға қатысты жерлерді Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиіне» сүйеніп жазды. Соның ішінде өзбек ұлысында басталған ұрыс-керіс нәтижесінде жергілікті халықтардың Керей мен Жәнібек жерлерінде қауышуы бұл хандар билігінің күшеюіне алып келген фактор болған деп көрсетеді. Осының нәтижесінде қаңғып жүріп хандардың қасына жиналған жұрт қазақ деп аталғанына көңіл аударады.

П.П. Иванов: «XV-XVI» ғасырдың басындағы Моғолстанның өмірі туралы мәліметтердің басым бөлігі жалғыз дерек Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и-Рашидиіне» негізделген. «Тарих-и-Рашидиі» тек өлкенің саяси өміріне көбірек негізделіп, жергілікті тұрғындардың құрамы мен тұрмысы жайына онша көңіл бөлмеген. Мұхаммед Хайдардың алдаған шашыраңқы мәліметтеріне Моғолстанның саяси өміріндегі басты рөлді түркіленген моңғол руы дулат атқарған. Ал ол рудың арғы атаулары «дулу» деген атпен белгілі болған біздің заманымыздың бірінші ғасырында жазылған қытай деректеріне қарағанда олар сол аумақта соңғы уақыттарға дейін билік еткен көрінеді», - деп дулат руының қазақтардың қазіргі Ұлы жүзіне кіргенін жазады.

1963 жылы «Қырғызстан тарихы» атты М.П. Вияткин, М.П. Грязнов және тағы басқалар дайындаған кітап жарық көрген. Оның бірінші томының XIII-XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Моңғол билігіндегі Қырғызстан атты бесінші тарауында «Тарих-и-Рашидиден» деректер келтірілген. Соның ішінде моңғол руларының күнделікті тіршілігі жайында Мырза Хайдардың: «Моңғолдар көбінесе ауылдарда тұрған емес, тіпті жер өңдеуді көрген жоқ. Олар тау аңдарына ұқсас болды, өздері жек көретін қала өмірі мен жер өңдейтін аудандардан аулақ жүрді» деген сөздерін келтірген.

«XIV ғасырдың екінші жартысы XVI ғасырдың басындағы Тянь-Шандағы феодалдық бытыраңқылық» атты алтыншы тарауында ол моңғол, қыпшақ, қырғыз ұлыстары жайлы жазғанда «Тарих-и-Рашидиге» сүйенген. Соның ішінде, Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидинің» бірінші дәптерінің басында Тоғылық Темір ханның таққа келуі жайлы оқиғасын қысқаша келтіріп: «Мырза Хайдардың айтуы бойынша оны «қыпшақ жерінен» әкелді деген сөздерін маңызды дерек еткен.

Бұл тарауда сонымен қатар «Тарих-и-Рашидиде» айтылатын Мырза Хайдардың дулат руларының әмірлерінің Есенбұға ханға көрсеткен қарсылықтары жайындағы әңгімені келтірген. Соның ішінде «Қырғызстан тарихының» құрастырушылары «Тарих-и-Рашидиден» әмір Мұхамед, әмір Кәрімберді, әмір Хақберділердің ханнан кетіп, әртүрлі мекендерде қорғандарт салып, жерлерді ойрандағаны жайлы оқиғаларды қысқаша сипаттаған. Жүніс хан билігі жайлы қысқаша мәліметтерді де «тарихты» құрастырушылар «Тарих-и-Рашидиден» алған.

XV ғасырдың екінші жартысында Тянь-Шаньда қырғыз хандығының құрылуы жайлы жазған авторлар тағы да «Тарих-и-Рашидиге» жүгінген. Соның ішінде Керей мен Жәнібек хандарының 200 мың адамы бар ұлысымен Шу алқабына көшкені жайлы әңгімеге тоқталған. Бірақ ол жерден көп ұзамай рулары қайтадан Дешті Қыпшаққа көшті. «Тарих-и-Рашидиде» 1415-1425 жылдары Іле мен Ертіс өзендерінің аралығында және Тянь-Шань аумағында Исан Тайшы ханнан Уәйіс хан қарамағындағы моңғол ұлысының талқандалғаны жайлы әсерлі суреттемесі бар. Уәйіс хан алпыс бір шайқасының тек біреуінде ғана жеңіске жеткен және екі рет дұшпанына тұтқынға түскен». XV ғасырдың 70 жылдарында қызғыздар біріге бастап моғол ұлысын аумағынан ығыстыра бастайды, бұл Жүніс хан билік құрған кезде орын алды. Осыған қатысты деректерді «Қырғызстан тарихы» авторлары «Тарих-и-Рашидиден» алған. Осы оқиғаларға қатысты «Тарих-и-Рашидиден» Жүніс ханның екінші ұлы Сұлтан Ахмет хан жайында әңгімені «XV ғасырдың соңындағы қырғыз хандығы» атты бөлімінде пайдаланған. Сонымен қатар Мансұр хан мен Саид хан арасында болған оқиғалар, Сұлтан Халел жайлы әңгіме де осы бөлімде айтылады. Ал қырғыздардың XVI ғасырдың бірінші жартысындағы моғол билеушілеріне қарсы соғыстары жайына келгенде, авторлар «Тарих-и-Рашидиден» Тянь-Шань аймақтарында 1514, 1522 жылдары болған жорықтар және олардың сипаты жайлы мәліметтерді алған. Сонымен қатар бұл жорықтардың еш нәтиже бермегені және моғолдардың ақырында Мауараннаһр мен Қашғар аумағына жайылып, тек 1530-1540 жылдары Шығыс Түркістанда ғана билікті ұстап қалғанын баян еткен.

Осындай тарихи оқиғалармен қатар «Тарих-и-Рашиди» «Қырғызстан тарихынан осы аумақта болған шаруашылық және өлкенің саяси өмірі жайлы мағұлматтарды да табуға болады. Сарайлар мен ғибадатханалар және қамалдар құрлысы жайлы да Мырза Хайдар дерек берген. Соның ішінде, Мырза Хайдардың Таш-Рабат қамалы жайлы жазғанын авторлар осы кітапта келтірген. Осы кезеңде жер өңдеу шаруашылығының жоғары өсуі: «Оның Уәйіс ханның жер игерумен айналысқанын көруге болады. «Ханның өзі жер өңдеді», деп жазылған «Тарих-и-Рашидиде», мал шаруашылығының айтарлықтай гүлденуі жайлы айтылатын деректерді де «Тарих-и-Рашидиден» алған. Әйтсе де авторлардың «Тарих-и-Рашидиден» құнды деректер ала отырып бір тұста: «XIV-XVI ғасыр деректері Қырғызстанда болған саяси қатынастар туралы көп дерек келтірмейді. Бізге аз ғана жазба деректердің авторлары феодалдық қоғамның жетекші топтарына жататын. Олардың тек хандардың өмірі және феодалдар арасындағы өзара тартыс ғана қызықтырады, ал еңбекші халықтың өмір шарттары оларды қызықтырғаны шамалы. Мұндай авторлардың шаруашылыққа деген көз қарасын «Тарих-и-Рашиди» авторының сөзінен көруге болады: «Өмір бақи соқаның артынан жүретін адам семсер ұстай ала ма?» деген.

Санкт-Петербург университетінің профессоры шығу тегі бойынша қазақстандық Т.И. Сұлтанов атты кеңес шығыстанушысы Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидинің» зерттеп, оған қысқаша тарихнамалық талдау жасаған. Жыл сайын шығатын «Шығыстың жазба ескерткіштері» атты тарихи-филологиялық зерттеулер жинағында ол Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиі (Ескерткіштің әдеби тарихы)» атты ауқымды мақала жариялаған. Онда «Тарих-и-Рашидинің» Әлламиден яғни XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле басталуы және жүз жылдықтарда оның Орта Азия, Иран, Үндістан, Еуропа, Кеңес Одағы ғылымдарының еңбектеріне жасаған ықпалына тоқталған.

Т.И. Сұлтанов мақаласында: «XVI ғасырдың парсы тілді тарихи әдебиеті қатарында Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и-Рашидиі» мазмұнының шынайылығы және әдеби тағдырына орай едәуір қызықты еңбек болып табылады. «Тарих-и-Рашидинің» мәдени-тарихи және деректанымдық мағынасы Еуропалық және Үнді шығыстанушыларының шығармаларында дүркін-дүркін айтылып

келген. Әйтседе осы күнге дейін тақырыбы осы әдеби тарихи ескеркішке бағышталған басылым жоқ» деп жазады, яғни мұндай классикалық еңбектің филологтар тарапынан аз зерттелгеніне өкініш білдіреді. Кеңес тарихшылары ішінде Т.И. Сұлтанов бірінші болып «Тарих-и-Рашидиді» тек тарихи ғана емес, сондай-ақ әдеби-мемуарлық шығарма ретінде де танып, филологтардың назарын аударды.

Т.И. Сұлтановтың «Тарих-и-Рашиди» байланысты тағы бір ауқымды мақаласы бар. Ол «Шығыстану Институтының Санкт-Петербург филиалындағы қолжазбалар каталогындағы «Тарих-и-Рашидидің» түркі тілдегі аудармалары» деп аталады. Автор «Тарих-и-Рашиди» көшірмелерінің дүниежүзіндегі каталогтарындағы саны отыздан астам екендігін айтты. Сонымен қатар ол қолжазба түпнұсқасының табылмағанын «Тарих-и-Рашидидің» пайдаланып жүрген көшірмелері толық емес және айырмашылықтарының көптігін кейбіреулерінің тіпті түпнұсқадан алшақ екендігін айтады.

Т.И. Сұлтановтың мақаласын жазуға түрткі болған жайт кейбір ғалымдардың «Тарих-и-Рашидидің» түпнұсқалары мен көшірмелері жайлы қате ойлары түсініспеушілік тұстары «Тарих-и-Рашидидің» Ұлыбританиядағы қолжазбаларынан басталған. Британ мұражайындағы парсы қолжазбалар каталогын құратуға қатысқан тарихшы Пирсонның Британ және шетелдердің інжіл Қоғамындағы парсы қолжазбаларының саны едәуір және солардың арасындағы өте маңыздысы «Тарих-и-Рашидидің» 1543 жылы түрік тіліндегі қолжазбасы деген сөзі. Мұндай пікір ғалымдарды таңқалдырған. Өйткені Мырза Хайдар еңбегінің жазылған уақыты айқын және белгілі. Сонымен қатар еңбектің түрік тілінде жазылуы мүмкін емес және ол дәлелденген. Осындай әбестікті әшкерелеу үшін Т.И. Сұлтанов «Тарих-и-Рашидидің» түркі тіліндегі көшірмесіне егжей-тегжейлі сараптама жасайды. Мақалада «Тарих-и-Рашидиді» аударған филологтарға тоқтала келе, олар жасаған аудармаларды парсы тілі түпнұсқасымен салыстырған. К.И. Петров «Қырғыз-қыпшақ қатынастары» және белгілі қырғыз этнографы С.М. Абрамзон «Қырғыздар және олардың этногенетикалық және тарихи-мәдени байланыстары» деген еңбегін жазғанда «Тарих-и-Рашидиге» сүйенген К.И. Петров «Тарих-и-Рашидиге» иек арта отырып қырғыздардың халық болып қалыптасу үрдісінің қазіргі Қырғызстан және Шығыс Түркістан аумағында басталғанын айтқан. Абрамзон оның бұл пікірімен келісіп Мырза Хайдар еңбегіне табан тірей келе қырғыздардың қырғыз болып қалыптасуы XIV-XVI ғасырларда басталып, XVI-XVII ғасыр ғасырларда қарқынды дамығанын айтқан: Қырғыздар жайлы құнды тарихи және этнографиялық мәліметтері бар бірқатар шығыс авторларының шығармалары ғылымның игілігі болды. Олардың арқасында біз XV ғасырда қырғыздардың Тянь-Шань аумағын немесе соған көршілес жерлерді әуелден мекендегендерін көруімізге болады» деп Мырза Хайдар еңбегіне сілтеме жасаған.

Сонымен қатар К.И. Петров «XIII-XV ғасырлардағы қырғыздардың Тянь-Шаньға жылжуы және олардың ойраттармен қарым-қатынастарының тарихы» атты еңбегінде де «Тарих-и-Рашидиден» деректер алынып пайдаланылған. Осылайша, ғалым үшінші тарауында, Енисей және Ертіс өзендері арасын мекендеген түркі-моғол руларының осы кезеңде Тянь-Шаньға жылжуы туралы баяндай келе «Моғолстан» терминінің генезисіне үңіліп бұл сөздің бірнеше рет Мырза Хайдар шығармасында айтылғанына көңіл аударған. К.И. Петров әрі қарай әуелде талқылаған Мырза Хайдардың моғолдар және жер өңдеу жайлы ойларын жазады.

К.И. Петров «Тарих-и-Рашидидегі» қырғыздарға қатысты деректерге терең анализ жасаумен бірге көшірмесін ағылшын аудармашыларының жұмысымен салыстыра қарады. Онымен шектелмей «Тарих-и-Рашидиді» сол кезеңнің қытай дерегі «Мин-шимен» де салыстырады. Бұл анализ Мырза Хайдардың Уәйіс хан мен Исан Тайшы арасында болған оқиғаға қатысты еді. К.И. Петровтің пікірі бойынша Уәйіс хан мен Исан Тайшымен емес, Эсех ханмен соғысқан. Бұл пікіріне автор бірнеше дәлелдеме келтірген: «1. Қызыр ханның немересі Уәйіс хан билігін Шығыс Тянь-Шаньда, Бешбалық маңында шамамен 1417-1420 жылдары, яғни әкесінің ағасы Шер Мұхаммед хандық құрған кезде және ол жылдары Алтайға ойраттарға хан болған Эсех хан кезінде орнатты. Мырза Хайдардың айтуы бойынша және «Мин-Ши» бойынша Уәйіс хан 1428 жылы өлтірілді, яғни өзінің замандасы Эсех ханның өлімінен үш жылдан кейін. Угечи ұрпағы Эсех ханның иеліктері шыңғыс жақтан Бесбалыққа барып тірелетіндіктен Уәйіс хан тек көрші қырғыздар және ойраттар хан мен ғана соғыса алатын. Бұл соғыс 1415-1425 жылдар аралығында орын алған, олай болса бұл соғысқа 1417 жылы дүниеге келген Исан Тайшының қатысуы мүмкін емес. 2. Мырза Хайдардың деректері бойынша, Уәйіс ханды бірде Исан Тайшы тұтқына алғанда тұтқыннан оған қарындасы Махтұм ханымды беруді талап етеді. Одан Исан Тайшының екі ұлы және бір қызы болады. Бір сөзбен айтқанда, Эсех ханның ұлдары тек шешелеріне (хандық тегіне) ғана байланысты онг немес тайшы деген аттарына қосымшалар ала алады. Сонымен қатар ағылшын аудармашыларының Д. Росс пен Н. Элиастың Амасанжы тайшыны осы екі ханзаданың әкесі етіп аударғандары дұрыс емес деп жазған.

XVI ғасыр басында Тянь-Шань монғолдарының ассимиляциясы атты бесінші тарауында К.И. Петров «Тарих-и-Рашидиден» осы тақырыпқа негіз болған Уәйіс хан өлімінен кейін оның мұрагерлері Жүніс хан мен Есенбұға хан арасындағы өзара тартыс туралы сөз етеді. Сонымен қатар «Тарих-и-Рашиди» негізінде 1428-1429 жылдары Жүніс ханның Ұлықбек аумағына ығысқанын

және содан кейін және содан кейін болған оқиғалар баяндалады. Осы әңгімеге орай К.И. Петров дулат әмірлерінің қастандық әрекеттерін «Тарих-и-Рашидиден» дерек ретінде келтіреді. Сонымен қатар К.И. Петров Мырза Хайдардың Амасанжы тайшының қол астына Тянь-Шань моғолдарының бір бөлігі өткені жайлы мәліметіне енді үлкен байыппен қарау керек екендігіне көңіл аударады. Мырза Хайдардан К.И. Петров Керей мен Жәнібек хан туралы: «Олар XV ғасырдың 50-жылдарында 200 мың адаммен Шу өзенінің маңына көшті. Бұл оқиғаға тек қазақ тарихшылары бұған мән бермейтін» дегеніне де келтірген. Осы тарауда автор «Тарих-и-Рашидиге» басты дерек ретінде сүйеніп Моғолстан Мауараннаһр аумақтарында орын алған саяси оқиғаларды егжей-тегжейлі суреттейді.

К.И. Петров «Тарих-и-Рашидиді» дерек ретінде жоғары бағалаған. Осы тарауының соңында ғалым қырғыздар мен моғолдар өмірінің тығыз сабақтастығына көзі жеткен соң, «Тарих-и-Рашидиде» моғолдар тілдеріне де көңіл бөліп, Мырза Хайдардың Саид ханға берген төмендегі: «Ол парсыша, түрікше, арабша өте сауатты дұрыс мінсіз жазатын. Түрік тілінде мінсіз әдемі инша-шығарма жазғанда оған басқалардың теңесуі мүмкін емес еді. Өлең жазғанда оның күш-қуаты мен дарынына тең келер адам өте сирек кездесетін. Мен сол жиындардың бірінде хан суырып салып айтқан өлеңдерін есімдесектеп қалған едім» деп сипаттамасын келтіреді. «Бұл деректер бірнеше мағынадан маңызды». XVI ғасыр басындағы Тянь-Шань моғолдары ықыласты болған. Мұндай қабілетпен бірақ екінің бірі мақтана алмайтын, бұған авторлардың ханды мақтауынан көз жеткізуге болады. «Қатардағы» адамдар түрікше сөйледі, бірақ бәлкім олар көзге түсетін моғол акцентімен. Екіншіден жоғарыла берілген сипаттама моғолдардың жоғары табының түркішеленуіне тек қырғыз руларының ғана емес, солармен бірге моғолдарға дейін жергілікті тұрғындар қарлұқ-ұйғырлардың да қатысқанан көрсетеді, тіпті солардың тілдерінің негізінде сол заманның әдеби тілінің қалыптасқанын көруге болады». Осындай пікірмен К.И. Петров Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиді» дерек ретінде пайдалануын тәмамдайды.

В.А. Ромодин жауапты редактор болған «Қырғызстан мен қырғыздар тарихы бойынша деректер» атты кітапта да, Мырза Хайдардың «Тарих-и-Рашидиді» дерек ретінде пайдаланылған. «Зафарнамеден» 12 жыл бұрын жазылған «Ескендірдің анонимі» атты шығармадан үзінділер келтіргенде де авторлар «Тарих-и-Рашидиді» осы еңбекпен сабақтастырған: «Тарих-и-Рашидиді» авторы Мырза Хайдар Дулат бір емес бірнеше рет моғол аңыздарына сілтеме жасап, біздің авторымыз секілді XI V ғасырдың аяғы – XV басындағы Моғолстандағы саяси жағдайларды баян етеді» деп жазады. (Омарбеков, 2007: 460).

«Ескендір анонимі» атты шығарма туралы айтқанда авторлар «Қырғызстан тарихын зерделеуде Моғолстанның алғашқы хандарының ішінен әсіресе Ілияс қожа хан мен Қызыр қожа хан, әмір Қамариддиннің іс-әрекеттері және Омар шейхтың Қашғарға жасаған жорықтарына қатысты оқиғалар сөзсіз маңызды. Олар туралы мәліметтерді жүз жылдан астам уақыттан кейін жазылған «Тарих-и-Рашидиді» жоқ фактілерді немесе басқаша айтылған дүниелерді де табуға болады» деген баға берген. Сонымен қатар «Деректерде» Қоқан хандығы кезеңіндегі Ферғана тарихшысы Мырза Қаландар Мушраф Исфарагидің 1822 жылы жазыла бастаған «Шаһ-намесінде» Омар ханның ру тарихын баяндаумен қатар Орта Азияда сол кезеңде орын алған тарихи оқиғалар туралы жазғанда «Тарих-и-Рашидиді» аттап өткенін де еске алған.

А.Н. Бернштам «Солтүстік Қырғызстанның археологиялық очеркі» кітабында «Тарих-и-Рашидиден» алған мәліметтер арқасында «XVI-XVIII ғасырларда Енисей Қырғыздарының Тянь-Шаньда бұрыннан тұрып жатқан қырғыздарға соңғы көшуі орын алды. Мұхаммед Хайдардың 1540 жылдары қырғыздарды Тянь-Шаньның байырғы жергілікті тұрғындары деп атауы сипатты. XVIII ғасырда қырғыздардың Тянь-Шаньды игеруі толығымен аяқтала бастайды» деген түйінге келеді. Ал «Қырғызстанның архитектуралық ескерткіштері» атты еңбегінің жетінші тарауында: «Таш Рабат» XV ғасырда салынған. Бұл Моғолстан хандығының Тянь-Шаньда «Моғолстанның жабайы арыстандары» қырғыздар толық билеген кезде болған (XVI ғасыр бас кезеңінің авторы Мұхаммед Хайдардың сөзі)» деген дерек береді.

Мырза Хайдардың Моғолстан тарихына қатысты деректерін Б.А. Ахмедов пен О.Ф. Акимушкин де пайдаланған. Б.А. Ахмедов «Ұлықбек және Мауараннаһрдың XV ғасырдың бірінші жартысындағы саяси өмірі» атты еңбегін жазғанда «Тарих-и-Рашидиді» Өзбекстан ғылым академиясындағы қолжазбасының көшірмесін пайдаланған. Соның ішінде Ұлықбектің қандай істі болмасын Шаһруһпен келісіп қана атқаратынын атай келіп, ханзаданың әкесінің келісімінсіз бірнеше іс-әрекетке барғанын айтады, себебі он үш жасар Ұлықбек Жүніс ханға әдепсіздік көрсетеді.

«Мауараннаһр мен Моғолстан және өзбек ұлысы арасындағы саяси қатынастар XV ғасырдағы Мауараннаһрмен қатар Хорасан өмірінің басым бөлігін құраған. Моғолстандағы ұрыс-керіс және өзара талас-тартыстар Қызыр қожа хан (1398-1399 жылдар-нижра жылы бойынша 801) өлімінен кейін-ақ басталды. Моғолстанның XV-XVI ғасырлардағы тарихы жайлы баяндайтын Мырза Мұхаммед Хайдардың еңбегі – біздің заманымызға жеткен жалғыз дерек. Ондағы елдің жағдайы жайлы деректер өте құнды. Мырза Хайдар мәліметіне сүйенер болсақ, Қызыр қожа ханның баласы Мұхаммед хан (нижра 810 жыл/1408-818/1415 ж) ұрыс-керіс және феодалдық тартыстарға төтеп бере алмай, ақырында өлтірілген», – деп жазады. Сонымен қатар ол Ұлықбекке Қашқарды жаула алуға Хұдайдаттың көмектескені және Ұлықбек тұтқынында болған Саидәлінің қашып кетуі.

Қорытынды. Қырғыз, Өзбек тарихын сарлаған Н.Н. Туманович, К.И. Петров, С. Абрамзон, А.Н. Бернштам, Б.А. Ахмедов, А.А. Семенов, Е.Э. Бертельс, С. Әзімжанова, А. Орынбаев, Р. Джалилова, Л. Епифанова, Г.А. Пугаченкова және Р.Г. Мукминова есімді ғалымдар Мырза Хайдар еңбегіндегі мәліметтерді жоғары бағалап, мұхият зерделеген. «Тарих-и-Рашиди» сынды туындының қазақ, өзбек, қырғыз ғалымдары үшін ғана емес, сонымен бірге ұйғыр, тәжік ғалымдары үшін де құнды еңбек болғаны сөзсіз. Ғалымдардың кейбіреулері Мырза Хайдардың еңбектері мен қаламгердің өмірін үстіртін зерттеп, деректеріне күмәндана қараса да одан «Тарих-и-Рашидидің» құндылығына Ресей және Орталық Азия елдері ғалымдары арасында ешқандай шек келмеген.

Әдебиеттер тізімі

Байбатша Ә., Жамалбеков Е., Темірбеков А. Мұхаммед Хайдар Дулати географ – жаратылыстанушы ғалым // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 216-227 бб.

Дәдебаев Ж. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» диологиясы – қазақ тарихи прозасының әуелгі үлгісі // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 135-145 бб.

Жарықбаев Қ., Әлсатов Т. Мұхаммед Хайдар Дулати қазақи психологиялық ұғымдардың негізін қалаушы // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 166-169 бб.

Жолдасбайұлы С.М. Х. Дулатидің өмірі мен қызметі туралы // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 119-131 бб.

Кәрібаев Б.Б. Мұхаммед Хайдар Дулати және XV–XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихының мәселелері // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 150-164 бб.

Козыбаев М.К., Пищулина К.А. Мирза Мухаммед Хайдар о казахах и казахской государственности // Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы, 1999. С. 3-16.

Қасабек А.М. Х. Дулатидің қазақ философиясындағы орны туралы // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. Алматы: «Қазақ университеті», 1999. 131-135 бб.

Омарбеков Т. Моғолстан – Қазақ мемлекеттігінің «алтын бесігі» және М.Х. Дулатидің Отаны // Қазақ әдебиеті, 1999, шілде. Алматы, 13-15 бб.

Омарбеков Т. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» // Ақиқат. Алматы, 1999. 2-41 бб.

Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. Астана, 2007. 460 б.

References

Bajbatsha A., Zhamalbekov E., Temirbekov A. Muhammed Hajdar Dulati geograf – zharatylystanushy galym // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 216-227 bb.

Dadebaev Zh. Muhammed Hajdar Dulatidyng «Tarih-i -Rashidi» diologiyasy – kazak tarihi prozasynyng auelgi ylgisi // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 135-145 bb.

Zharykbaev K., Alsatov T. Muhammed Hajdar Dulati kazaki psihologiyalyk urymdardyg negizin kalaushy // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 166-169 bb.

Zholdasbajuly S.M. H. Dulatiding omiri men kyzmeti turaly // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 119-131 bb.

Karibaev B.B. Muhammed Hajdar Dulati zhane XV–XVI gasyrlardagy Kazak handygy tarihyng maseleleri // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 150-164 bb.

Kozybaev M.K., Pishchulina K.A. Mirza Muhammed Hajdar o kazahah i kazahskoj gosudarstvennosti // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. S. 3-16.

Kasabek A.M. H. Dulatiding kazak filosofiyasyndagy orny turaly // Muhammed Hajdar Dulati. Ojshyl, tarihshy, zhazushy, kolbasshy. Halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciyaning materialdary. Almaty: «Kazak universiteti», 1999. 131-135 bb.

Omarbekov T. Mogolstan – Kazak memlekettigining «altyn besigi» zhane M.Kh. Dulatiding Otany // Kazak adebieti, 1999, shilde. Almaty, 13-15 bb.

Omarbekov T. Myrza Muhammed Hajdar Dulatidyng «Tarih-i Rashidii» // Akikat. Almaty, 1999. 2-41 bb.

Omarbekov T. Tarihpen orilgen tagdyr. Astana, 2007. 460 b.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

- Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е., Арықбаева Ж.
А. ВАСИЛЬЕВТИҢ «ИСТОРИЧЕСКИЙ ОЧЕРК РУССКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ» АТТЫ ЕҢБЕГІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК
ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ МӘН-МАҢЫЗЫ (ОЧЕРКТИҢ І БӨЛІМІ БОЙЫНША).....5
- Нартбаев Ш.Ж., Қабыл А.Ә., Мамраймов С.Д.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫН (XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР)
ЗЕРТТЕУДІҢ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....16
- Мақсұтова А.Ә., Кумеков Б.Е., Апашева С.
М.Х. ДУЛАТИ ЖӘНЕ ОНЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ»
ЕҢБЕГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫНДА.....26

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

- Уткирбай Ағатай
КОПЬЯ И ПИКИ ПОЗДНЕСРЕДНЕВЕКОВЫХ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ
(ПО МАТЕРИАЛАМ ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА КАЗАХОВ (НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ).....36
- Маргулан А.С.
АНАЛИЗ ВОСТОЧНЫХ ЛЕТОПИСЕЙ XIV-XVI ВВ.
ПО ГЕНЕАЛОГИИ ЧИНГИСХАНА И ЭМИРА ТИМУРА.....45
- Кутулуков Ш.П.
ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВА
КОЧЕВЫХ УЗБЕКОВ В КОНТЕКСТЕ КОНСТРУКТИВИЗМА.....56
- Лапин Н.С.
СУЛТАН УРАЗ-МУХАММЕД И КАЗАХСКО-РУССКИЕ ПОСОЛЬСКИЕ
СВЯЗИ В КОНЦЕ XVI В. (ПО МАТЕРИАЛАМ РГАДА).....65

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

- Torlanbayeva K.
COLONIAL RUSSIA'S POLICY TOWARDS ISLAM IN KAZAKHSTAN
(BASED ON THE MATERIALS OF THE ORENBURG STATE ARCHIVE).....76
- Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Ермекбаев А.А.
ЖӨҢГІР ХАН: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ БЕТТЕРІ.....81
- Әпендиев Т.Ә.
ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАТЫРЛЫҚ ТҮЛҒАСЫ.....91
- Kaumen D.I., Sadykov T.S., Maxutova A.A.
NATIONAL HUMAN CAPITAL IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING
OF THE XX CENTURY: STUDY OF THE ACTIVITIES OF THE ALASH INTELLIGENCE.....99

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Кабульдинов З.Е., Оралова А.А., Тылахметова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ С. САДУАКАСОВА.....	107
Капаева А.Т. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ «ӘСКЕРИ КОММУНИЗМ» ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК САЯСАТЫ.....	117
Мусағалиева А.С. ЧИСТКА КОЛХОЗОВ ОТ «БАЙСКО-КУЛАЦКОГО ЭЛЕМЕНТА...»: РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В ТЕЛЬМАНОВСКОМ РАЙОНЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1932-1933 ГГ.....	125
Мұқтар Ә.Қ., Ахметова У., Жумабаев А. ПРОРВА-АСТРАХАНЬ ЛАГЕРЛЕРІ ТАРИХЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ (1932-1950 ЖЖ.).....	136
Қозыбаева М.М., Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ (СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	149
Хайдаров Е.Е. ОРАЛ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.).....	157
Конкабаева А.Н., Мурзаходжаев К.М. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ГОЛОДА В КАЗАХСТАНЕ В 1921-1922 ГОДАХ: В АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ И ПИСЬМЕННЫХ МАТЕРИАЛАХ.....	166
Мухамбетғалиева А.К. ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НАСЕЛЕНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946-1953).....	172
Аманбекова Н.Д., Бакирова Ж.С. 1925-1991 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗАЙСАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	182

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Борбасов С.М., Жүнісова Б.Н. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ БАСЫМДЫҚТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
---	-----

**ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY**

Ақымбек Е.Ш., Железняков Б.А. АНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЕРТЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОЙМЫШТЫ ТАС МӨРЛЕРІ.....	204
Тұяқбаев М.Қ., Түрсүн Х.М., Исаев М.С., Байболов Б.Қ., Шаметов С.Т. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ.....	213
Утубаев Ж.Р. АНТИЧНЫЕ ПОСЕЛЕНИЕ БАЛАНДЫ.....	222

Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.
ФЕНОМЕН ОСЕДЛОЙ КУЛЬТУРЫ В КОЧЕВОЙ СРЕДЕ
(НА ПРИМЕРЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО ГОРОДИЩА АКТОБЕ).....230

Имярова З.С., Джон А.А.
ВЛИЯНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ СРЕДЫ НА ТРАДИЦИОННУЮ
КУЛЬТУРУ КИТАЙСКИХ МУСУЛЬМАН (ДУНГАН) В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....239

**ЕСКЕ АЛУ
ПАМЯТЬ
MEMORY**

Мұқаметханұлы Н.
АКАДЕМИК МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ - ТӘУЕЛСІЗДІК САНАНЫҢ ЖАРШЫСЫ
(ҒАЛЫМНЫҢ 90 ЖЫЛДЫҒЫНА).....248

Алимгазинов К.Ш.
ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ВКЛАД Б.М. СУЖИКОВА В РАЗВИТИЕ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ НАУКИ (К 70-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ УЧЕНОГО).....252

**ҒЫЛЫМИ ӨМІР
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ
SCIENTIFIC LIFE**

ТОРЖЕСТВЕННОЕ МЕРОПРИЯТИЕ ПО ВРУЧЕНИЮ НАГРАД – ОСНОВОПОЛОЖНИКУ
АНТРОПОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСТАНЕ ОРАЗАКУ ИСМАГУЛОВУ
И ВИДНОМУ АНТРОПОЛОГУ АЙНАГУЛЬ ИСМАГУЛОВОЙ.....256

Әлімғазы Дәулетхан
АКАДЕМИК ОРАЗАҚ СМАҒҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ.....258

Басуға 23.12.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды